

ISSN 2518-1491 (Online),  
ISSN 2224-5286 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ  
АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

# Х А Б А Р Л А Р Ы

---

---

## ИЗВЕСТИЯ

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ  
АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН»

## N E W S

OF THE ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN

**SERIES**  
**CHEMISTRY AND TECHNOLOGY**  
**4 (461)**

**OCTOBER – DECEMBER 2024**

PUBLISHED SINCE JANUARY 1947

PUBLISHED 4 TIMES A YEAR

ALMATY, NAS RK

### **Бас редактор:**

**ЖҰРЫНОВ Мұрат Жұрынұлы**, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті, АҚ «Д.В. Сокольский атындағы отын, катализ және электрохимия институтының» бас директоры (Алматы, Қазақстан) Н = 4

### **Редакция алқасы:**

**ӘДЕКЕНОВ Серғазы Мынжасарұлы** (бас редактордың орынбасары), химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, «Фитохимия» Халықаралық ғылыми-өндірістік холдингінің директоры (Қарағанды, Қазақстан) Н = 11

**АГАБЕКОВ Владимир Енокович** (бас редактордың орынбасары), химия ғылымдарының докторы, профессор, Беларусь ҰҒА академигі, Жаңа материалдар химиясы институтының құрметті директоры (Минск, Беларусь) Н = 13

**СТРНАД Мирослав**, профессор, Чехия ғылым академиясының Эксперименттік ботаника институтының зертхана меңгерушісі (Оломоуц, Чехия) Н = 66

**БҮРКІТБАЕВ Мұхамбетқали**, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры (Алматы, Қазақстан) Н = 11

**ХОХМАНН Джудит**, Сегед университетінің Фармацевтика факультетінің Фармакогнозия кафедрасының меңгерушісі, Жаратылыстану ғылымдарының пәнаралық орталығының директоры (Сегед, Венгрия) Н = 38

**РОСС Самир, PhD докторы**, Миссисипи университетінің Өсімдік өнімдерін ғылыми зерттеу ұлттық орталығы, Фармация мектебінің профессоры (Оксфорд, АҚШ) Н = 35

**ХУТОРЯНСКИЙ Виталий**, философия докторы (PhD, фармацевт), Рединг университетінің профессоры (Рединг, Англия) Н = 40

**ТЕЛТАЕВ Бағдат Бұрханбайұлы**, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (Алматы, Қазақстан) Н = 13

**ФАРУК Асана Дар**, Хамдар аль-Маджида Шығыс медицина колледжінің профессоры, Хамдард университетінің Шығыс медицина факультеті (Карачи, Пәкістан) Н = 21

**ФАЗЫЛОВ Серік Драхметұлы**, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Органикалық синтез және көмір химиясы институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары (Қарағанды, Қазақстан) Н = 6

**ЖОРОБЕКОВА Шарипа Жоробекқызы**, химия ғылымдарының докторы, профессор, Қырғызстан ҰҒА академигі, ҚР ҰҒА Химия және химиялық технология институты (Бішкек, Қырғызстан) Н = 4

**ХАЛИКОВ Джурабай Халикович**, химия ғылымдарының докторы, профессор, Тәжікстан ҒА академигі, В.И. Никитин атындағы Химия институты (Душанбе, Тәжікстан) Н = 6

**ФАРЗАЛИЕВ Вагиф Меджидоглы**, химия ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі (Баку, Әзірбайжан) Н = 13

**ГАРЕЛИК Хемда**, философия докторы (PhD, химия), Халықаралық таза және қолданбалы химия одағының Химия және қоршаған орта бөлімінің президенті (Лондон, Англия) Н = 15

### **«ҚР ҰҒА Хабарлары. Химия және технология сериясы»**

**ISSN 2518-1491 (Online),**

**ISSN 2224-5286 (Print)**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 29.07.2020 ж. берілген № **KZ66VPY00025419** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *органикалық химия, бейорганикалық химия, катализ, электрохимия және коррозия, фармацевтикалық химия және технологиялар.*

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/archiv>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы РҚБ, 2024

Редакцияның мекенжайы: 050100, Алматы қ., Қонаев к-сі, 142, «Д.В. Сокольский атындағы отын, катализ және электрохимия институты» АҚ, каб. 310, тел. 291-62-80, факс 291-57-22, e-mail: [orgcat@nursat.kz](mailto:orgcat@nursat.kz)

### Главный редактор:

**ЖУРИНОВ Мурат Журинович**, доктор химических наук, профессор, академик НАН РК, президент Национальной академии наук Республики Казахстан, генеральный директор АО «Институт топлива, катализа и электрохимии им. Д.В. Сокольского» (Алматы, Казахстан) Н = 4

### Редакционная коллегия:

**АДЕКЕНОВ Сергазы Мынжасарович** (заместитель главного редактора), доктор химических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного научно-производственного холдинга «Фитохимия» (Караганда, Казахстан) Н = 11

**АГАБЕКОВ В ладимир Енокович** (заместитель главного редактора), доктор химических наук, профессор, академик НАН Беларуси, почетный директор Института химии новых материалов (Минск, Беларусь) Н = 13

**СТРНАД Мирослав, профессор**, заведующий лабораторией института Экспериментальной ботаники Чешской академии наук (Оломоуц, Чехия) Н = 66

**БУРКИТБАЕВ Мухамбеткали**, доктор химических наук, профессор, академик НАН РК, Первый проректор КазНУ имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан) Н = 11

**ХОХМАНН Джудит**, заведующий кафедрой Фармакогнозии Фармацевтического факультета Университета Сегеда, директор Междисциплинарного центра естественных наук (Сегед, Венгрия) Н = 38

**РОСС Самир**, доктор PhD, профессор Школы Фармации национального центра научных исследований растительных продуктов Университета Миссисипи (Оксфорд, США) Н = 35

**ХУТОРЯНСКИЙ Виталий**, доктор философии (Ph.D, фармацевт), профессор Университета Рединга (Рединг, Англия) Н = 40

**ТЕЛЬГАЕВ Багдат Бурханбайулы**, доктор технических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК, Министерство Индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (Алматы, Казахстан) Н = 13

**ФАРУК Асана Дар**, профессор колледжа Восточной медицины Хамдарда аль-Маджида, факультет Восточной медицины университета Хамдарда (Карачи, Пакистан) Н = 21

**ФАЗЫЛОВ Серик Драхметович**, доктор химических наук, профессор, академик НАН РК, заместитель директора по научной работе Института органического синтеза и углехимии (Караганда, Казахстан) Н = 6

**ЖОРОБЕКОВА Шарипа Жоробековна**, доктор химических наук, профессор, академик НАН Кыргызстана, Институт химии и химической технологии НАН КР (Бишкек, Кыргызстан) Н = 4

**ХАЛИКОВ Джурабай Халикович**, доктор химических наук, профессор, академик АН Таджикистана, Институт химии имени В.И. Никитина АН РТ (Душанбе, Таджикистан) Н = 6

**ФАРЗАЛИЕВ Вагиф Меджид оглы**, доктор химических наук, профессор, академик НАНА (Баку, Азербайджан) Н = 13

**ГАРЕЛИК Хемда**, доктор философии (Ph.D, химия), президент Отдела химии и окружающей среды Международного союза чистой и прикладной химии (Лондон, Англия) Н = 15

«Известия НАН РК. Серия химии и технологий».

ISSN 2518-1491 (Online),

ISSN 2224-5286 (Print)

Собственник: Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан № KZ66VPY00025419, выданное 29.07.2020 г.

Тематическая направленность: *органическая химия, неорганическая химия, катализ, электрохимия и коррозия, фармацевтическая химия и технологии.*

Периодичность: 4 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, оф. 219, тел.: 272-13-19

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arithiv>

© РОО Национальная академия наук Республики Казахстан, 2024

Адрес редакции: 050100, г. Алматы, ул. Кунаева, 142, АО «Институт топлива, катализа и электрохимии им. Д.В. Сокольского», каб. 310, тел. 291-62-80, факс 291-57-22, e-mail: [orgcat@nursat.kz](mailto:orgcat@nursat.kz)

#### **Editor in chief:**

**ZHURINOV Murat Zhurinovich**, doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK, president of NAS RK, general director of JSC "Institute of fuel, catalysis and electrochemistry named after D.V. Sokolsky (Almaty, Kazakhstan) H = 4

#### **Editorial board:**

**ADEKENOV Sergazy Mynzhasarovich** (deputy editor-in-chief) doctor of chemical sciences, professor, academician of NAS RK, director of the international Scientific and production holding «Phytochemistry» (Karaganda, Kazakhstan) H = 11

**AGABEKOV Vladimir Enokovich** (deputy editor-in-chief), doctor of chemistry, professor, academician of NAS of Belarus, honorary director of the Institute of Chemistry of new materials (Minsk, Belarus) H = 13

**STRNAD Miroslav**, head of the laboratory of the institute of Experimental Botany of the Czech academy of sciences, professor (Olomouc, Czech Republic) H = 66

**BURKITBAYEV Mukhambetkali**, doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK, first vice-rector of al-Farabi KazNU (Almaty, Kazakhstan) H = 11

**HOHMANN Judith**, head of the department of pharmacognosy, faculty of Pharmacy, university of Szeged, director of the interdisciplinary center for Life sciences (Szeged, Hungary) H = 38

**ROSS Samir, Ph.D.**, professor, school of Pharmacy, national center for scientific research of Herbal Products, University of Mississippi (Oxford, USA) H = 35

**KHUTORYANSKY Vitaly, Ph.D.**, pharmacist, professor at the University of Reading (Reading, England) H = 40

**TELTAYEV Bagdat Burkhanbayuly**, doctor of technical sciences, professor, corresponding member of NAS RK, ministry of Industry and infrastructure development of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan) H = 13

**PHARUK Asana Dar**, professor at Hamdard al-Majid college of Oriental medicine. faculty of Oriental medicine, Hamdard university (Karachi, Pakistan) H = 21

**FAZYLOV Serik Drakhmetovich**, doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK, deputy director for institute of Organic synthesis and coal chemistry (Karaganda, Kazakhstan) H = 6

**ZHOROBEKOVA Sharipa Zhorobekovna**, doctor of chemistry, professor, academician of NAS of Kyrgyzstan, Institute of Chemistry and chemical technology of NAS KR (Bishkek, Kyrgyzstan) H = 4

**KHALIKOV Jurabay Khalikovich**, doctor of chemistry, professor, academician of the academy of sciences of Tajikistan, institute of Chemistry named after V.I. Nikitin AS RT (Tajikistan) H = 6

**FARZALIEV Vagif Medzhid ogly**, doctor of chemistry, professor, academician of NAS of Azerbaijan (Azerbaijan) H = 13

**GARELIK Hemda**, PhD in chemistry, president of the department of Chemistry and Environment of the International Union of Pure and Applied Chemistry (London, England) H = 15

**News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of chemistry and technology.**

**ISSN 2518-1491 (Online),**

**ISSN 2224-5286 (Print)**

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty).

The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan No. **KZ66VPY00025419**, issued 29.07.2020.

Thematic scope: *organic chemistry, inorganic chemistry, catalysis, electrochemistry and corrosion, pharmaceutical chemistry and technology.*

Periodicity: 4 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

Editorial address: JSC «D.V. Sokolsky institute of fuel, catalysis and electrochemistry», 142, Kunayev str., of. 310, Almaty, 050100, tel. 291-62-80, fax 291-57-22, e-mail: [orgcat@nursat.kz](mailto:orgcat@nursat.kz)

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY

ISSN 2224–5286

Volume 4. Number 461 (2024), 58–74

<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1491.251>

УДК 544.6.076.2

**N. Zhumasheva<sup>1\*</sup>, M. Tursynbek<sup>1</sup>, F. Sultanov<sup>1</sup>, A. Mentbaeva<sup>2</sup>, L. Kudreyeva<sup>3</sup>,  
Z. Bakenov<sup>1,2</sup>, 2024.**

<sup>1</sup>National Laboratory Astana, Astana, Kazakhstan;

Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan;

<sup>3</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: [nazerke.zhumasheva@nu.edu.kz](mailto:nazerke.zhumasheva@nu.edu.kz)

## **RICE HUSK-BASED POROUS GRAPHENE-LIKE CARBON COMPOSITE WITH NICKEL OXIDE NANOPARTICLES FOR LITHIUM-SULFUR BATTERIES**

**N. Zhumasheva** – Master of Chemical Sciences, National Laboratory Astana, Astana, Kazakhstan, [Nazerke.zhumasheva@nu.edu.kz](mailto:Nazerke.zhumasheva@nu.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0001-5266-3429>;

**M. Tursynbek** – Bachelor of Chemical Sciences, National Laboratory Astana, Astana Kazakhstan, [malika.tursynbek@nu.edu.kz](mailto:malika.tursynbek@nu.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0002-1840-3831>;

**F. Sultanov** – Doctor of Chemical Sciences, National Laboratory Astana, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-7789-9398>;

**A. Mentbayeva** - Doctor of Philosophy, Professor of the Department of Chemical Engineering and Materials Technology of the 2nd Nazarbayev University, Astana, Republic of Kazakhstan, [almagul.mentbayeva@nu.edu.kz](mailto:almagul.mentbayeva@nu.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0001-9132-1173>;

**L. Kudreeva** - Candidate of Chemical Sciences, Faculty of Chemistry and Chemical Technology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-2387-5670>[leila.kudreyeva@kaznu.kz](mailto:leila.kudreyeva@kaznu.kz);

**Zh. Bakenov** - Professor of Chemical Sciences, National Laboratory Astana; Department of Chemical Engineering and Materials Technology, Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan, [zbakenov@nu.edu.kz](mailto:zbakenov@nu.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0003-2781-4955>.

**Abstract.** Lithium-sulfur (Li-S) batteries are promising energy storage systems due to their high theoretical energy density and cost-effectiveness, but challenges like poor cycle life and low conductivity limit their practical application. This study aimed to improve Li-S battery performance by developing a sulfur-host cathode material and a separator modifier, synthesized from biomass-derived carbon and nickel oxide. The RHG, RHG@S, RHG-NiO@S cathode, and RHG-NiO composite were synthesized and characterized using scanning electron microscopy (SEM) with energy-dispersive spectroscopy (EDS), transmission electron microscopy (TEM), and X-ray photoelectron spectroscopy (XPS). Graphene-like porous carbon with a high specific surface area was efficiently synthesized from rice husk biowaste through carbonization and thermochemical activation. Sulfur was encapsulated in the pores of the composite

using a melting-diffusion method, with thermogravimetric analysis confirming a sulfur content of approximately 60% in the RHG-NiO@S composite. Electrochemical tests showed that the RHG-NiO@S cathode paired with the modified RHG-NiO separator exhibited superior performance, achieving an initial discharge capacity of  $1599 \pm 20$  mAhg<sup>-1</sup> and maintaining  $790.29 \pm 10$  mAhg<sup>-1</sup> after 100 cycles at 0.2 C, surpassing the performance of the RHG@S cathode without the modified separator. This study demonstrates the potential of biomass-derived materials and their composites to address key limitations of Li-S batteries, paving the way for the development of high-performance energy storage systems.

**Keywords:** graphene-like porous carbon, nickel oxide, sulfur, lithium-sulfur batteries, lithium polysulfides.

**Н. Жумашева<sup>1\*</sup>, М. Турсынбек<sup>1</sup>, Ф. Султанов<sup>1</sup>, А. Ментбаева<sup>2</sup>, Л. Кудреева<sup>3</sup>,  
Ж. Бакенов<sup>1,2</sup>, 2024.**

<sup>1</sup>National Laboratory Astana, Астана, Қазақстан;

<sup>2</sup>Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан;

<sup>3</sup>Эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: nazerke.zhumasheva@nu.edu.kz

## **ЛИТИЙ-КҮКІРТТІ АККУМУЛЯТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН НИКЕЛЬ ОКСИДІНІҢ НАНОБӨЛШЕКТЕРІ БАР КҮРІШ ҚАУЫЗЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН КЕУЕКТІ ГРАФЕН ТӘРІЗДІ КӨМІРТЕКТІ КОМПОЗИТ**

**Н. Жумашева** – химия ғылымдарының магистрі, National Laboratory Astana, Астана, Қазақстан, Nazerke.zhumasheva@nu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-5266-3429>;

**М. Турсынбек** – химия ғылымдарының бакалавры, National Laboratory Astana, Астана, Қазақстан, malika.tursynbek@nu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-1840-3831>;

**Ф. Султанов** – химия ғылымдарының PhD докторы, National Laboratory Astana, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-7789-9398>;

**А. Ментбаева** – химия ғылымдарының PhD докторы, профессор; Назарбаев университетінің Химиялық инженерия және материалдар технологиясы кафедрасы, Астана, Қазақстан, almagul.mentbayeva@nu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-9132-1173>;

**Л. Кудреева** – химия ғылымдарының кандидаты, химия және химиялық технология факультеті, эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан; eila.kudreyeva@kaznu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-2387-56701>;

**Ж. Бакенов** – химия ғылымдарының профессоры, National Laboratory Astana; Назарбаев университетінің Химиялық инженерия және материалдар технологиясы кафедрасы, Астана, Қазақстан, zbakenov@nu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-2781-4955>

**Аннотация:** Литий-күкірт (Li-S) батареялары жоғары теориялық энергия тығыздығы мен үнемділігі арқасында болашағы зор энергия сақтау жүйелері болып табылады, бірақ олардың практикалық қолданылуын циклдің қысқа ұзақтығы мен төмен өткізгіштік сияқты мәселелер шектейді. Бұл зерттеу Li-S батареяларының өнімділігін жақсарту үшін биомасса негізінде алынған көміртегі мен никель оксидінен синтезделген күкірт-тасығыш катодтық материал мен сепаратор модификаторын әзірлеуге бағытталған. КҚГ, КҚГ@S, КҚГ-

NiO@S және КҚГ-NiO композиті сканерлеуші электронды микроскопия (SEM) энергия-дисперсиялық спектроскопиямен (EDS), трансмиссиялық электронды микроскопия (TEM) және рентгендік фотоэлектронды спектроскопия (XPS) әдістерімен сипатталды. Көміртектің жоғары меншікті беткі ауданына ие графен тәрізді кеуекті көміртек күріш қауызы қалдықтарын карбонизация және термохимиялық белсендіру арқылы тиімді синтезделді. Композиттің кеуектеріне күкірт балқытып-диффузиялық әдіспен енгізілді, ал термогравиметриялық талдау нәтижесінде КҚГ-NiO@S композитіндегі күкірт мөлшері шамамен 60% екені анықталды. Электрохимиялық сынақтар КҚГ-NiO сепараторымен үйлескен КҚГ-NiO@S катодының бастапқы разрядтық сыйымдылығы  $1599 \pm 20$  мАсағ<sup>-1</sup> құрап, 0.2 С ток тығыздығымен 100 циклдан кейін  $790.29 \pm 10$  мАсағ<sup>-1</sup> деңгейінде сақталғанын көрсетті, бұл КҚГ@S катодына қарағанда жақсы нәтиже берді. Бұл зерттеу Li-S батареяларының негізгі шектеулерін шешуде биомасса негізіндегі материалдар мен олардың композиттерінің әлеуетін көрсетіп, жоғары өнімді энергия сақтау жүйелерін әзірлеудің жолын ашады.

**Түйін сөздер:** графен тәрізді көміртек, никель оксиді, күкірт, литий-күкіртті батареялар, литий полисульфидтері.

### *Алғыс білдіреміз:*

*Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім Министрлігінің BR21882402 «Жасыл экономика үшін материалдар мен энергия сақтау жүйелерінің жаңа технологияларын әзірлеу» ғылыми-зерттеу грантымен жүзеге асырылды.*

**Н. Жумашева<sup>1\*</sup>, М. Турсынбек<sup>1</sup>, Ф. Султанов<sup>1</sup>, А. Ментбаева<sup>2</sup>, Л. Кудреева<sup>3</sup>,  
Ж. Бакенов<sup>1,2</sup>, 2024.**

<sup>1</sup>National Laboratory Astana, Астана, Қазақстан;

<sup>2</sup> Nazarbayev University, Астана, Қазақстан;

<sup>3</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Қазақстан.

E-mail: nazerke.zhumasheva@nu.edu.kz

## **ПОРИСТЫЙ ГРАФЕНОПОДОБНЫЙ УГЛЕРОДНЫЙ КОМПОЗИТ НА ОСНОВЕ РИСОВОЙ ШЕЛУХИ С НАНОЧАСТИЦАМИ ОКСИДА НИКЕЛЯ ДЛЯ ЛИТИЙ-СЕРНЫХ АККУМУЛЯТОРОВ**

**Н. Жумашева** – магистр химических наук, National Laboratory Astana, Астана, Қазақстан, Nazerke.zhumasheva@nu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-5266-3429>;

**М. Турсынбек** – бакалавр химических наук, National Laboratory Astana, Астана, Қазақстан, malika.tursynbek@nu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-1840-3831>;

**Ф. Султанов** – PhD, National Laboratory Astana, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-7789-9398>;

**А. Ментбаева** – PhD, профессор, кафедра химической инженерии и технологии материалов Назарбаев университета, Астана, Қазақстан, [almagul.mentbayeva@nu.edu.kz](mailto:almagul.mentbayeva@nu.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0001-9132-1173>;

**Л. Кудреева** – кандидат химических наук, факультет химии и химической технологии, Казахский

национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, Алматы, <https://orcid.org/0000-0003-2387-5670leila.kudreyeva@kaznu.kz>;

**Ж. Бакенов** – профессор химических наук, National Laboratory Astana, Кафедра химической инженерии и технологии материалов Назарбаев Университета, Астана, Казахстан, [zbakenov@nu.edu.kz](mailto:zbakenov@nu.edu.kz), <https://orcid.org/0000-0003-2781-4955>.

**Аннотация.** Литий-серные (Li-S) батареи являются перспективными системами хранения энергии благодаря их высокой теоретической плотности энергии и экономичности, однако их практическое применение ограничено такими проблемами, как низкий срок службы и слабая проводимость. Настоящее исследование было направлено на улучшение характеристик Li-S батарей путем разработки катодного материала с удержанием серы и модификатора сепаратора, синтезированных из углерода и оксида никеля, полученных из биомассы. RHG, RHG@S, RHG-NiO@S катод и RHG-NiO композит были охарактеризованы с использованием сканирующей электронной микроскопии (SEM) с энергодисперсионной спектроскопией (EDS), трансмиссионной электронной микроскопии (TEM) и рентгеновской фотоэлектронной спектроскопии (XPS). Графеноподобный пористый углерод с высокой удельной поверхностью был эффективно синтезирован из биологического отхода — рисовой шелухи — путем карбонизации и термохимической активации. Сера была внедрена в поры композита методом плавления-диффузии, а термогравиметрический анализ показал, что содержание серы в композите RHG-NiO@S составляет около 60%. Электрохимические испытания показали, что катод RHG-NiO@S в сочетании с модифицированным сепаратором RHG-NiO демонстрирует превосходную производительность: начальная разрядная емкость составила  $1599 \pm 20$  мАч<sup>-1</sup>, а после 100 циклов при 0.2 С емкость сохранилась на уровне  $790.29 \pm 10$  мАч<sup>-1</sup>, что значительно лучше показателей катода RHG@S без модифицированного сепаратора. Исследование подчеркивает потенциал материалов из биомассы и их композитов в решении ключевых ограничений Li-S батарей, предлагая перспективный подход к разработке высокоэффективных систем хранения энергии.

**Ключевые слова:** графеноподобный пористый углерод, оксид никеля, сера, литий-серные аккумуляторы, полисульфиды лития.

**Кіріспе.** Жоғары меншікті сыйымдылық ( $1675 \text{ мА сағ г}^{-1}$ ) пен айтарлықтай энергия тығыздығы ( $2500 \text{ Вт сағ кг}^{-1}$ ) болғандықтан литий-күкіртті (Li-S) аккумуляторлары энергия сақтаудың ең ұтымды шешімдерінің бірі ретінде қарастырылады (Azam, et al, 2023; Chabu, et al, 2019; Chen, et al, 2018). Алайда, Li-S батареяларын практикалық қолданысқа енгізбес бұрын шешілуі тиіс мәселелер бар. Күкірттің электрөткізгіштігі ( $5 \times 10^{-30} \text{ С см}^{-1}$ ) өте төмен болғандықтан, ол типтік оқшаулағыш элемент. Разрядталу кезінде түзілетін төменгі ретті полисульфидтер де ( $\text{Li}_2\text{S}_2$ ,  $\text{Li}_2\text{S}$ ) төменгі өткізгіштікке йе. Разрядталу кезінде түзілетін жоғары ретті полисульфидтер электролитте ериді және катодты белсенді материалдың жоғалуына әкеледі, нәтижесінде электр тогы азаяды. Литий полисульфидтерінің



электролитте еруі және олардың анод жаққа қарай диффузиясы «шаттл эффектiсiн» тудырады. Разрядтау/зарядтау процесi кезiнде ұяшық көлемнiң кеңеюi электрод құрылымының тұрақсыздығына алып келедi. Бұл мәселелер литий-күкiрттi батареялардың сыйымдылығының тез төмендеуiне және тұрақтылықтың нашарлауына алып келедi (Chen, et al., 2021; Chung, et al., 2018; Dörfler, et al., 2021; Du, et al., 2019). Жоғарыда аталған қиындықтарды еңсеру үшiн көптеген әдiстер зерттелдi, соның iшiнде тiрек катодты материалдардың құрылысы (García, et al., 2017), модификацияланған сепараторлар, функционалды аралық қабаттардың құрылысы (Huang, et al., 2019) және анодты қорғауды (Lee, et al., 2021) жүзеге асыруды айтуға болады. Полисульфидтердiң электролитте еру мәселесiн шешудiң бiр жолы – күкiрттi өзiнде ұстап тұратын өткiзгiш катод материалдарды пайдалану болып табылады (Chen, et al., 2018). Катодты оңтайландыруда күкiрт разрядының өнiмдерiн шектеп және олардың электрохимиялық түрлену жылдамдығын арттыратын көмiртегi негiзiндегi материалды жобалау және модификациялау перспективтi әдiс болып табылады (Lin, et al., 2017). Күкiрт өткiзгiштiгiн жақсарту үшiн күкiрт-полимер (Mai et al., 2019) және күкiрт-көмiртектi композиттер (Manoj, et al., 2019) сияқты композиттiк материалдар зерттелген. Күкiрттi өзiне жүктеушi материал ретiнде көмiртегi негiзiндегi наноқұрылымды материалдар кең ауқымы зерттелдi: сфералық көмiртегi, кеуектi көмiртегi, көмiртектi нанотүтiктер мен наноталшықтар және графен (Li et al., 2017; Lin, et al., 2017; Mai, et al., 2019). Композиттiк материалдарда кеуектi көмiртегi мен металл оксидтерiн пайдалану осы қиындықтарды шешудiң ықтимал шешiмдерiн ұсынады. Дегенмен, көмiртектер төмен полярлығымен сипатталады, полярлы литий полисульфидтерiмен әлсiз Ван-дер-Ваальс күштерiмен әрекеттеседi, бұл туындайтын шаттл әсерiн басуға жеткiлiксiз. Кеуектi көмiртегi материалдары көлемдi кеңейту үшiн кеңiстiктi қамтамасыз етедi, бiрақ полисульфидтердi химиялық түрде сiңiрмейдi, ал полярлы қосылыстар оларды химиялық түрде сiңiре алады (Manoj, et al., 2019; Meng, et al., 2023). Зерттеушiлер әр түрлi полярлы қосылыстар металл оксидтерi (Ogoke, et al., 2017), металл сульфидтерi (Ould Ely, et al., 2018), металл нитридтерi (Ould Ely, et al., 2018), металорганикалық қосылыстар (MOF) (Robinson, et al., 2021), сондай-ақ көмiртегi гетероатомды (N, B, S) (Seh, et al., 2016) қоспалары бар көмiртегi композиттерiнiң әсерiн зерттедi. Бұл полисульфидтердiң оқшаулануына ықпал еттi және күкiрт негiзiндегi катодты материалдарды оңтайландыруға үлкен әсер еттi. Энергия сақтау құрылғыларында, әсiресе литий батареяларында биомассадан алынатын көмiртегi бойынша зерттеулер соңғы жылдары артты. Биомасса көмiртектiң бай көзi болып табылады. Биомассадан синтезделетiн көмiртегi жоғары меншiктi бетi мен қажеттi кеуек көлемi, кеуек өлшемдерiнiң иерархиялық таралуы, жақсы өткiзгiштiгi, қолжетiмдiлiгi және қарапайым синтез әдiстерiне байланысты қолжетiмдi тиiмдi композиттер болып есептеледi. Әртүрлi кеуектi құрылымдары бар биокөмiр композиттерi жеткiлiктi күкiрттi сыйдыра алады. Әртүрлi биомассадан алынған көмiртегi материалдары күкiрт-сульфидтi батареялар қызметiн жақсарту үшiн (мысалы, сарымсақ қабығы, күрiш сабаны, помело қабығынан, күрiш қабығы, жаңғақ қабығы, жүгерi дәнi) зерттелдi (Sultanov,

et al., 2024; Sun, et al., 2021; Wang, et al., 2018; Wang, et al., 2021; Wang, et al., 2020; Xiao, et al., 2020).

Күріш қауызы мол, арзан және экологиялық таза ауыл шаруашылығы қалдықтарының бірі болып табылады. Күріш қабығынан (RH) арзан белсендірілген және өндіруге тиімді графен тәрізді кеуекті активтелген көміртектен синтездеуге болады. Күріш қабығының негізгі компоненттері инертті атмосферада пиролизденген кезде көміртегі түзетін целлюлоза (38%), гемицеллюлоза (18%) және лигнин (22%) болып табылады (Sun, et al., 2021). Күріш қабығынан алынған көміртекті материал жақсы электр өткізгіштікке ие, ол күкірт катодының жалпы өткізгіштігін арттырады. Күріш қабығынан алынған көміртегі материалдары батареяларда анод және катод ретінде қолданылған зерттеулер бар. Күріш қабығын пайдалана отырып, экологиялық таза бір сатылы пиролиз процесі арқылы Li-йонды батареялары үшін сыйымдылығы жоғары және тұрақты циклді SiOx/C композиттік анодтарын синтездеу әдісі әзірленген. Алдын ала тазартылған SiOx/C анодымен және S-PAN катодымен жинақталған толық ұяшықтың электрохимиялық сынау нәтижелері бірінші циклдің қайтымды сыйымдылығы 1500 мА сағ г-1 мәнін көрсетті. Бұл нәтижелер Li металы жоқ күкіртті аккумуляторларда пайдалану үшін күріш қабығынан алынған SiOx/C композиттерінің перспективтілігін көрсетеді [30]. Танх-Тунг Май тобының зерттеу жұмысында күріш қабығын көміртектендіру және оны K<sub>2</sub>CO<sub>3</sub>-пен өңдеу арқылы микро/мезо кеуектілігі бар жоғары кеуекті белсендірілген көмір материалдарын жасау көрсетілген. RHAC@S композиттері литий-күкірт (Li-S) батареялары үшін катодтар ретінде қолданылған. 0,25 мг см-1 күкірт жүктемесі бар үлгі 0,1 С жылдамдықта 1080 мА сағ г-1 бастапқы разрядтау қабілетін көрсетіп, ток тығыздығы 0,2 С болған кезде 50-ші зарядтау/разрядтау циклінен кейін қайтымды қуат 312 мА сағ г-1 деңгейінде қалған (Yang, et al., 2018). Никель оксиді (NiO) және никель (Ni) қосылыстары литий-күкіртті (Li-S) батареяларында маңызды рөл атқарады, бұл батарея жүйесінің жалпы өнімділігі мен тұрақтылығына ықпал етеді. Ni қосылыстары зарядтау және разряд процесі кезінде электрондардың тасымалдануын жеңілдеті отырып, катодтың электронды өткізгіштігін күшейте алады. Бұл Li-S батареясының қуат өнімділігінің жақсаруына әкелетін жылдамдық мүмкіндігінің жақсаруына және ішкі кедергінің төмендеуіне әкеледі. NiO полисульфидтердің төменгі ретті сульфидтерге (Li<sub>2</sub>S<sub>2</sub> және Li<sub>2</sub>S) айналуын катализдей алады, тотығу-тотықсыздану кинетикасын жақсартады және жалпы электрохимиялық өнімділікті арттырады. NiO полисульфидтердің адсорбциясын жақсарту және олардың конверсиясын катализдеу үшін литий-күкіртті батареялардағы көміртекті материалдармен біріктіріліп қолданылады (Zhang, et al., 2019; Zhang, et al., 2019; Zhao, et al., 2023). Келесі зерттеу жұмысында, NiO бөлшектерін Li-S батареясында катод композитіне біріктіру полисульфидтерді ұстауда, әсіресе сепаратордың катод жағындағы жұқа көміртекті пленкамен жұптастырылған кезде өте тиімді болған. NiO кеуекті желілі құрылымы күкірт полисульфидтерімен әрекеттесуі нәтижесінде шаттл эффектісін төмендетіп, батареяның жұмысын жақсартқан. NiO нанобөлшектерін қолдану жылдамдық мүмкіндігін де, ұзақ мерзімді тұрақтылықты да жақсартқан. 80 %

күкірт жүктемесінде 0,2 С жылдамдықпен 1100 мА сағ г-1 бастапқы меншікті сыйымдылықты көрсеткен (Zhu, et al., 2019).

Бұл зерттеу жұмысында күріш қауызы қалдықтарынан синтезделген графен көміртекті материал (КҚГ) және никель оксидінен тұратын катодты материал мен сепаратор дайындалып, литий сульфидті батарея үшін қолданысы зерттелді. Графен көміртекті материал және никель оксидінен тұратын композитті материалдың синергетикалық әсері қарастырылды. Синтезделген композитті материал тиімді күкірт жүктеуші катод ретінде және сепаратор түрлендіруші агент ретінде қолданылып, шаттл эффектісін азайтуға ықпалын тигізді. КҚГ-NiO@S/КҚГ-NiO-ұяшығы, 0,2 С-де жоғарғы бастапқы 1599±20 мАсағ г-1 разряд сыйымдылығын, ал 100 циклден кейін 790±10 мАсағ г-1 разрядталу сыйымдылығын көрсетті.

### **Материалдар мен әдістер**

Химиялық заттар Күкірт ұнтағы (S, ≥99,0 %), күкірт көміртегі (CS<sub>2</sub> сусыз, ≥99,0 %), калий гидроксиді (KOH, ≥85,0 %), никель нитраты (Ni(NO<sub>3</sub>)<sub>2</sub>, ≥99,0) Сигма-Олдричтен сатып алынды. Аргон (99,993%) «Ихсан газ» компаниясынан сатып алынды. Барлық эксперименттерде өте таза ионсыздандырылған су (DI) қолданылды. Барлық химиялық заттар қосымша тазартусыз қолданылды.

**Үлгілердің сипаттамасы.** Алынған үлгілер әртүрлі аналитикалық әдістер арқылы сипатталды. Бетінің морфологиясы мен элементтік құрамы энергия-дисперсиялық спектроскопиямен (EDS) жабдықталған сканерлеуші электрондық микроскоп (SEM) Crossbeam 540 көмегімен бағаланды. Құрылымдық керекшеліктері трансмиссиялық электронды микроскоп (TEM) арқылы зерттелді (JEOL JEM - 1400 Plus, 120 кВ). Рентгендік дифракция (XRD) талдауы CuKα сәулеленуі бар SmartLab (Rigaku) - рентгендік дифракция жүйесі арқылы жүргізілді. Химиялық байланыстар мен өзара әрекеттесулер монохромдалған төмен қуатты Al Kα рентгендік көзі (1486,6 эВ) бар рентгендік фотоэлектрондық спектроскопияның (XPS, NEXSA, Thermo Scientific) көмегімен зерттелді. КҚГ-NiO@S композиттік матрицасындағы күкірт мөлшері азот атмосферасында бір уақыттағы термиялық анализатор (STA) 6000 көмегімен термогравиметриялық талдау (TGA) арқылы анықталды.

**Биомасса синтезі.** Биомасса қалдықтарының прекурсоры ретінде Қазақстандағы Қызылорда облысынан алынған күріш қауызы (КҚ) биомасса қалдықтарының прекурсоры пайдаланылды. Күріш қауызын табиғи қоспалардың қалдықтарынан тазалау үшін, су мөлдір болғанша ыстық деионизацияланған (DI) суда қайталап жібіту арқылы тазартудан өткізілді. Кейіннен тазартылған КҚ вакуумдық пеште 110°C температурада 5 сағат бойы кептірілді. Осыдан кейін КҚ көміртектендірілуі үшін цилиндрлік тот баспайтын болаттан жасалған реакторда (500°C температурада 120 минут бойы, аргон (Ar) газ ағыны (160 с/см) астында орташа қыздыру жылдамдығы минутына 5°C/мин) қыздыру жүргізілді. Алынған көміртекті өнім өлшеніп, 1:4 қатынасында калий гидроксидімен араластырылды. Бұл қоспаны жақсылап ұнтақтап, тот баспайтын болаттан жасалған реакторға салып, көміртекті өнімнің КОН-ты толық сіңдіруін қамтамасыз ету үшін ауаның қатысуымен 12 сағат бойы 150°C температурада қыздырылды. Кейіннен көміртекті

өнімді термохимиялық активтендіру үшін 800°C температурада орташа қыздыру жылдамдығы минутына 5°C/мин Ag ортасында (250 с/см) 90 минут бойы қыздыру жүргізілді. Шығарылған КҚГ ұнтағы сілтілі қоспаларды жою үшін шамамен 6–7 рН мәніне жеткенше DI суымен бірнеше рет шаюдан өткізіліп, содан кейін вакуумдық пеште 150°C температурада 12 сағат бойы кептірілді.




Сурет 1. Графен тәрізді кеуекті көміртектерді алу процесінің схемасы

